

Ақмола облысы Есіл ауданы Курский ауылының көшесін қайта атау туралы

Ақмола облысы Есіл ауданы Курский ауылы әкімінің 2018 жылғы 5 ақпандағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 ақпанда № 6432 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, халықтың пікірін ескере отырып және 2017 жылғы 24 қазандағы Ақмола облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Курский ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақмола облысы Есіл ауданы Курский ауылының Железнодорожная көшесі Береке көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Курский ауылының әкімі

В.Рогозний